

## "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 511 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарууына енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының**

*Премьер-Министри*

Жоба

### **Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы**

#### **Қазақстан Республикасының Заңы**

Осы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттілігіне және әскери қызметіне қатысты қоғамдық қарым-қатынастарды реттейді.

##### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

##### **1-бап. Негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әскери қызмет - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, ұлттық қауіпсіздік органдарындағы, Республикалық ұланындағы, ішкі әскерлеріндегі, ішкі істер органдарының әскери-тергеу органдарындағы, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдеріндегі және әскери прокуратура органдарындағы (бұдан әрі - Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар) әскери қызметшілердің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі;

2) әскери қызметшілер - Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте тұрған адамдар;

3) әскери міндеттілер - әскери есепте тұрған және запаста болатын азаматтар;

4) әскери атақ - Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери оралымдарда әскери қызмет өткери және запаста болу ережесіне сәйкес әскери қызметші мен әскери міндеттіге берілетін әскери айырым белгісі;

5) әскери міндеттілік - мемлекеттің қорғанысы жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтамасыз етуге бағытталған азаматтардың міндеттілігі;

6) әскери киім нысаны - әскери қызметшілердің Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тиістілігін айқындастын жабдықтар мен киімдердің

заңнамамен

белгіленген

үлгілері;

7) шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер - мерзімді әскери қызметке, сондай-ақ офицерлер құрамының лауазымдарына шақырылған азаматтар;

8) келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер - Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға бюджеттік қаражаттан ақы төленетін лауазымдарға келісім-шарт жасасумен әскери қызметке ерікті түрде қабылданатын азаматтар;

9) әскери лауазым - оның әскери атағына сәйкес нормативтік құқықтық актілермен белгіленген нақты лауазымдық өкілеттіліктер мен міндеттер жүктелген Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери оралымдардың мемлекеттік мекемелерінің  
құралы мәденик

бірлігі;

10) әскери жиындар - әскери қызметшілердің әскери даярлығы, сондай-ақ әскери міндеттілердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін арттыру мақсатында оларды әскери бөлімдерге белгіленген мерзімге шақырумен әскери білімдерін жетілдіру жөнінде Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда жүргізілетін іс-шаралар;

11) әскери есеп - Қазақстан Республикасындағы әскерге шақыру және жұмылдыру ресурстарының есебін жүргізу және талдау жүйесі;

12) әскери тағылымдама - практикалық дағдыларды менгеру және жетілдіру, офицерлер бағдарламасы бойынша алған білімдерін тереңдешту және пысықтау; әскери тағылымдаманың түрлері мен ұзақтығын Әскери қызметті өткеру ережесі айқындайды;

13) тәрбиеленушілер (кадеттер, жас ұландар мен республикалық әскери мектеп интернаттардың тәрбиеленушілері) - қосымша жалпы білім беру бағдарламалары бойынша орта, жалпы (бастауыш және кәсіптік орта) білім алу және әскери даярлау білім беру үйімдарына қабылданатын азаматтар;

14) жалпыға бірдей әскери оқыту - азаматтарды соғыс уақытында бастапқы әскери даярлыққа міндетті түрде үйрету;

15) әскерге шақыруға дейінгілер - әскери есепке алынғанға дейін әскери қызметке даярлықтан өтетін ерекек жынысты азаматтар;

16) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау мақсатында пайдаланылатын аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерінде (басқармаларында) әскери есепте тұратын әскери міндеттілердің саны;

17) келісім-шарт - келісім-шарт бойынша әскери қызметті үйімдастыру, қамтамасыз ету және өткеру мүддесінде тараптардың өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейтін шарт;

18) курсанттар - оқу-жаттығу бөлімдерінде (орталықтарында), орта немесе жоғары әскери оқу орындарында оқытын солдаттар мен сержанттар құрамының әскери қызметшілері;

19) бастапқы әскери даярлық - әскери іс және адам өмірінің қауіпсіздігі мен тіршілік әрекетін қамтамасыз ету негіздері бойынша міндетті оқыту пәні (оқу пәні);

20) облыстық (қалалық) шақыру комиссиясы - аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының қызметін бақылау және басшылық жасау үшін, сондай-ақ әскерге шақыру мәселесі бойынша азаматтардың шағымдары мен өтініштерін шешу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құралатын комиссия;

21) кейінге қалдыру - осы Занда көзделген негіздер бойынша азаматтарды әскери қызметке шақыруды аудастыру;

22) отставка - әскери қызметшілерді әскери қызметтен босату немесе запаста болудың шекті жасына жеткен әскери міндеттілерді немесе әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарды әскери есептен шығару;

23) офицерлер - Әскери қызметті өткеру ережесіне сәйкес офицерлер құрамының әскери атағы берілген әскери қызметшілердің құрамы;

24) бастапқы әскери есеп - тұрғылықты жері бойынша поселкелердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері қамтамасыз ететін әскери міндеттілердің, әскерге шақырылуышылар мен әскерге шақыруға дейінгілерді есепке алу жүйесі;

25) тексеру жиындары - соғыс уақытының ұйымдық-штаттық құрылымындағы арналуы бойынша міндеттерді орындауға әскери бөлімдердің әзірлігін тексеру мақсатында өткізілетін әскери жиындардың түрі;

26) азаматтарды әскери қызметке даярлау - сауықтыру, әскери қызметтің негіздеріне үйрету мақсатында әскерге шақыруға дейінгілер мен әскерге шақыру жасындағы азаматтармен өткізілетін міндетті іс-шаралар кешені;

27) әскерге шақыру - міндеттілік негізде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жеке құраммен жасақтауды қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдық және медициналық іс-шаралар кешені;

28) әскерге шақырылуышылар - аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерінің (басқармаларының) шақыру участекелеріне тіркелген және мерзімді әскери қызметтен өту үшін Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға шақыруға жататын ерекк жынысты азаматтар;

29) азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеу - ерекк жынысты азаматтарды бастапқы әскери есепке тұрғызған кезде аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдері (басқармалары) арқылы аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүргізетін әскери есептің мемлекеттік іс-шаралар бөлігі;

30) шақыру участекесі - әскерге шақырылуышыларды әскерге шақыру және азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеу кезеңінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары құратын участеке;

31) шақыру пункті - азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеу және оларды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландырудан өткізу, әскери-патриоттық және

спортық-көпшілік жұмыстарын өткізу үшін шақыру участкеінде құрылатын пункт;

32) запас топтары - осы Заңмен белгіленген әскери міндептілерді жасы бойынша  
б ө л у ;

33) аудандық (қалалық) шақыру комиссиясы - азаматтарды мерзімді әскери  
қызметке шақыруды үйімдастыру және өткізу үшін аудандардың (облыстық маңызы  
бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары құратын комиссия;

34) жинау пункті - әскерге шақырылуышыларды бақылау медициналық  
куәландырудан өткізу, оларды санитариялық өндіу, әскери-патриоттық,  
спортық-көпшілік жұмыстарды өткізу, әскерге шақыруушылардың командаларын құру  
және Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға жөнелту үшін  
құрылған және жабдықталған пункт;

35) сержанттар (старшиналар) - сержанттар (старшиналар) әскери атақтары берілген  
әскери қызметшілердің құрамы;

36) запаста болу - әскери міндептілердің әскери есеппен және әскери есепте болған  
кезеңінде әскери жиындардағы қызметті өткерумен байланысты міндептерді атқаруы;

37) тындаушылар - жоғары әскери оқу орындарында, офицерлік құрамның  
білімдерін жетілдіру (қайта даярлау) курсарында оқытын офицерлер құрамының  
әскери қызметшілері;

38) солдаттар (матростар) - қатардағы жауынгер (матрос), ефрейтор (аға матрос)  
әскери атақтары берілген әскери қызметшілер құрамы;

39) арнайы жиындар - төтенше жағдайлардың салдарларын жою және Қазақстан  
Республикасының Президенті айқындастын өзге де жағдайлар жөніндегі іс-шараларды  
орындау мақсатында өткізілетін әскери жиындардың түрі;

40) мерзімді әскери қызмет - осы Заңда айқындалған тәртіппен оларды Қарулы  
Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға шақыруға негізделген ерек  
жинысты азаматтардың әскери қызметі;

41) босату - запасқа немесе отставкаға ауыстырумен әскери қызметшіні қызметтік  
міндептерін атқарудан шеттету;

42) оқу-жаттығу жиындары - әскери міндептілерді даярлау мен қайта даярлау және  
ұзақ сақтаудағы әскери техникаға қызмет көрсету мақсатында өткізілетін әскери  
жиындардың түрі.

## **2-бап. Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы заңнама**

Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы заңнама Қазақстан  
Республикасының Конституциясына негізделді, ол осы Заңнан, Қазақстан  
Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен және Қазақстан  
Республикасы бекіткен халықаралық шарттардан тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Заңда

мазмұндалғаннан өзге ереже белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

### **3-бап. Әскери міндептіліктің мазмұны**

1. Әскери міндептілік азаматтарды әскери мамандықтар бойынша даярлау және бейбіт кезде және соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясымен

белгіленеді.

#### **2. Әскери міндептілік:**

- 1) азаматтарды әскери қызметке даярлау;
- 2) азаматтарды әскери есепке алу және шақыру учаскелеріне тіркеу;
- 3) әскери қызметке шақыру;
- 4) әскери қызметтен өту;
- 5) запаста болу;

6) запаста болған кезеңінде әскери жиындарға шақыру және әскери жиындардан өту ;

7) соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында азаматтарды әскери үйретуді қамтиды .

3. Әскери міндептілікті өткеру ұлттық тегіне, әлеуметтік жағдайына, тұрған жеріне, біліміне, діни нанымына, саяси және өзге де сенімдеріне, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге тиістілігіне байланысты емес.

4. Азаматтар осы Заңда көзделген негіздер бойынша әскери міндептіліктен босатылады .

5. Әскери міндептілікке қатысы бойынша азаматтар әскерге шақыруға дейінгілер, әскерге шақырылушылар, әскери қызметшілер, әскери міндептілер және әскери міндепті еместер санаттарына бөлінеді.

### **4-бап. Әскери қызметтің мазмұны**

1. Әскери қызмет Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы азаматтар үшін белгіленеді.

#### **2. Әскери қызметтің түрлері .**

Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет, оған мыналар жатады:

- 1) мерзімді әскери қызмет;
- 2) осы Заңын 20-бабына сәйкес шақырылған офицерлердің әскери қызметі;
- 3) жұмылдыру жариялау және әскери жиындардан өту кезіндегі әскери қызмет.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметке мыналар жатады:

1) солдаттар (матростар), сержанттар (старшиналар) және офицерлер құрамының лауазымдарында әскери қызметтен өту туралы келісім-шарт жасасумен әскери қызметке ерікті түрде қабылданатын әскери қызметшілердің әскери қызметі;

2) кадеттердің, курсанттардың, әскери оқу орындарындағы тындаушылардың әскери қызметі мен оқуы .

3. Шақыру, келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін азаматтар әскери қызметшілер болып табылады, міндеттерін атқарады және Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленген құқықтарды пайдаланады. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер әскери қызмет міндеттерін атқарады.

4. Мерзімді әскери қызметті өткеруге азаматтардың ішкі істер органдарының, Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің және Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі оқу орындарының күндізгі оқу бөлімшелерінде оқыған уақыты теңестіріледі.

5. Әскери қызметке бірінші рет шақырылған немесе ерікті түрде қабылданған азаматтар Қазақстан халқына адалдыққа әскери ант қабылдайды.

6. Бұрын әскери ант қабылдамаған әскери қызметшілер оны әскери жиындар уақытында немесе жұмылдыру бойынша шақыру кезінде қабылдайды. Әскери анттың мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

7. Азаматтардың осы Заңмен айқындалған тәртіппен әскери қызметі кейінге қалдырылуы немесе әскери қызметтен босатылуы мүмкін.

#### **5-бап. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды әскери қызметшілермен жасақтау**

1. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жеке құрамы әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарын қамтиды.

2. Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілермен дербес аумақтық және аумақтық принциптерді ұштастыру кезінде әскери міндеттілік негізінде шақыру бойынша және заңнама актілеріне сәйкес әскери қызметке ерікті түрде қабылдау жолымен жасақталады. Азаматтық персонал Қазақстан Республикасының Еңбек және мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес қабылданады.

3. Соғыс уақытында жұмылдыру жарияланған және соғыс жағдайы енгізілген кезде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау әскери қызметке міндетті түрде шақыру негізінде жүзеге асырылады.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды соғыс уақытындағы құрам мен санға дейін қосымша жасақтау және өрістету үшін бейбіт уақытта әскери міндеттілер қатарынан әскери үйретілген резерв құрылады.

#### **6-бап. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер құрамы**

Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер мынадай құрамдарға бөлінеді:

- 1) солдаттар (матростар) құрамы;
- 2) сержанттар (старшиналар) құрамы;

3) офицерлер құрамы.

#### **7-бап. Әскери атақтар**

1. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда мынадай әскери атақтар б е л г і л е н е д і :

## **Ә ск е р и**

|                    |                                   |
|--------------------|-----------------------------------|
| қатардағы жауынгер | Солдаттар, матростар құрамы       |
| е фр ейт ор        | матрос                            |
| кіші сержант       | аға матрос                        |
| сержант            | Сержанттар мен старшиналар құрамы |
| аға сержант        | 2-сатылы старшина                 |
| 3-сыныпты сержант  | 1-сатылы старшина                 |
| 2-сыныпты сержант  | бас старшина                      |
| 1-сыныпты сержант  | 3-сыныпты старшина                |
| штаб-сержант       | 2-сыныпты старшина                |
| шебер-сержант      | 1-сыныпты старшина                |
|                    | штаб-старшина                     |
| шебер-старшина     |                                   |

## **К е м е л і к**

|                                   |         |
|-----------------------------------|---------|
| Солдаттар, матростар құрамы       | Кемелік |
| матрос                            |         |
| аға матрос                        |         |
| Сержанттар мен старшиналар құрамы |         |
| 2-сатылы старшина                 |         |
| 1-сатылы старшина                 |         |
| бас старшина                      |         |
| 3-сыныпты старшина                |         |
| 2-сыныпты старшина                |         |
| 1-сыныпты старшина                |         |
| штаб-старшина                     |         |

|                    |                       |
|--------------------|-----------------------|
| лейтенант          | Офицерлер құрамы      |
| аға лейтенант      | Кіші офицерлер құрамы |
| капитан            | лейтенант             |
|                    | аға лейтенант         |
| капитан-лейтенант  |                       |
| майор              |                       |
| подполковник       |                       |
| полковник          |                       |
| 1-дәрежелі капитан |                       |

|                      |  |
|----------------------|--|
| Аға офицерлер құрамы |  |
| 3-дәрежелі капитан   |  |
| 2-дәрежелі капитан   |  |
|                      |  |
|                      |  |

|                         |               |
|-------------------------|---------------|
| Жоғары офицерлер құрамы |               |
| генерал-майор           | контр-адмирал |
| генерал-лейтенант       | вице-адмирал  |
| генерал-полковник       | адмирал       |
| армия генералы          |               |

2. Медициналық немесе зандық әскери-есептік мамандығы бар офицерлер үшін әскери атақтарына тиісінше "медицина қызметінің", "әділет" деген сөздер қосылады.

Авиацияның (инженерлік-авиациялық даярлығы бар ұшу, инженерлік) жоғары офицерлер құрамы үшін әскери атақтарына "авиация" деген сөз қосылады.

Запаста болған азаматтардың әскери атағының алдына "запастағы" деген сөз, ал отставкадағыларға - "отставкадағы" деген сөз қосылады.

3. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерге мерзімінен бұрын беруді қоса алғанда әскери атақтар беру, әскери атағын төмендету Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Әскери қызметті өткеру ережесіне (бұдан әрі - Әскери қызметті өткеру ережесі) сәйкес жүзеге асырылады.

4. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер тек сottың үкімі бойынша әскери

атақтарынан

айрылуды

мұмкін.

5. Эскери атағынан айрылған азаматқа соттылығы алынғаннан немесе жойылғаннан кейін Эскери қызметті өткеру ережесіне сәйкес өскери атақ берілуі мүмкін.

6. Эскери атақтарда қызмет өткеру мерзімі былай белгіленеді:

|                                   |                 |
|-----------------------------------|-----------------|
| солдаттар (матростар) құрамына    | - белгіленбейді |
| сержанттар (старшиналар) құрамына | - белгіленбейді |

офицерлер құрамына:

лейтенанттарға - 3 жыл

аға лейтенанттарға - 4 жыл

капитандарға (капитан-лейтенанттарға) - 4 жыл

майорларға (3-дәрежелі капитандарға) - 5 жыл

подполковниктерге (2-дәрежелі капитандарға) - 5 жыл

полковниктерге (1-дәрежелі капитандарға) және - белгіленбейді

одан жоғарыларға

## 8-бап. Эскери лауазымдар

1. Эскери қызметші өскери атағы сәйкес келуі тиіс бір өскери лауазымға тағайындалады. Бұл ретте өскери лауазым Қарулы Күштердің, басқа да өскерлер мен өскери құралымдардың алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларға сүйене отырып айқындалады.

2. Қарулы Күштердің, басқа да өскерлер мен өскери құралымдардың өскери лауазымдары мен оларға сәйкес келетін өскери атақтар тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3. Өскери лауазымдар мынадай лауазымдарға бөлінеді:

1) солдаттар (матростар) құрамы;

2) сержанттар мен старшиналар құрамы;

3) офицерлер құрамы;

4) курсанттар мен тыңдаушылар.

4. Эскери қызметшілерді лауазымдарға тағайындау, орнын ауыстыру, босату және шығару Өскери қызметті өткеру ережесіне сәйкес жүргізіледі.

## 5. Өскери қызметші:

1) кемінде екі ай - оны басқа лауазымға тағайындау кезінде командирдің (бастықтың) өкімінде тұрған;

2) кемінде үш ай - ұйымдық-штаттық іс-шаралардың өткізуіне байланысты командирдің (бастықтың) өкімінде тұрған;

3) қылмыстық іс бойынша шешім шыққанға дейін - өскери қызметшіге қатысты қылмыстық іс қозғалуға байланысты командирдің (бастықтың) өкімінде тұрған;

4) Өскери қызметті өткеру ережесіне сәйкес мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігі мүддесіндегі жұмыстарды орындау мақсатында мемлекеттік органдар мен

ұйымдарға іссапарға жіберілген жағдайларда әскери емес лауазымдарда әскери қызмет өткериі мүмкін.

### **9-бап. Әскери қызметшілердің әскери киім нысаны мен айырым белгілері**

1. Әскери жиындарға шақырылған әскери қызметшілер мен әскери міндептілер үшін әскери атақтары, әскер түрлері мен тектері бойынша айырым белгілерімен әскери киім нысаны белгіленеді.

Карулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери киім нысаны мен айырым белгілерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Әскери киім нысанын жабдықтау нормасын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды. Әскери киім нысанын киіп жүру ережесін Қорғаныс министрі белгілейді, ал әскери киім нысанының жекелеген заттары мен айырым белгілерін тағу ерекшеліктерін басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірінші басшылары белгілеуді.

2. Әскери киім нысанын киоғе құқығы жоқ азаматтардың оны киоғе тыйым салынады және Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

#### **2-тaraу. Азаматтарды әскери қызметке даярлау**

#### **10-бап. Азаматтарды әскери қызметке даярлау**

1. Азаматтарды әскери қызметке даярлау мыналарды қамтиды:

1) бастапқы әскери даярлау;

2) азаматтарды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау;

3) білім беру ұйымдарында қосымша жалпы білім беру бағдарламалары бойынша кәмелеттік жасқа толмаған азаматтарды әскери даярлау;

4) жоғары оқу орындарында азаматтарды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау;

5) дene даярлығы, емдеу-сауықтыру жұмысы, әскери-патриоттық тәрбие.

2. Әскерге шақыруға дейінгілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери қызметке даярлауды өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар ұйымдастырады, білім беру ұйымдарында және әскери-техникалық ұйымдарында жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді, азаматтарды әскери қызметке даярлауды жүргізетін білім беру ұйымдарының бастапқы әскери даярлық жөніндегі оқу-материалдық базасын жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ жетекшілерді, оқытуышыларды, тәрбиешілерді, нұсқаушыларды, өндірістік оқыту шеберлерін және басқа да мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді және әскерге шақыруға дейінгілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери қызметке даярлау жөніндегі осы Заңмен өздеріне жүктелген іс-шараларды орындауда жауапты болады.

4. Ұйымдардың басшылары әскерге шақыруға дейінгілер мен әскерге

шақырылушылардың әскери қызметке даярлықтан өтуін қамтамасыз етуге міндettі.

5. Әскерге шақыруға дейінгілер мен әскерге шақырылушылардың әскери қызметке даярлығын ұйымдастыру мен өткізуді бақылауды, бағдарламалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

### **11-бап. Бастапқы әскери даярлық**

1. Бастапқы әскери даярлықты жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарында оқытушы-ұйымдастырушылар әскерге шақыруға дейінгілер мен әскерге шақырылу жасындағы азаматтармен жүргізеді.

Әскерге шақыруға жататын және бастапқы әскери даярлықтан өтпеген азаматтар аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша оны мерзімді әскери қызметке шақырылар алдында білім беру ұйымдарының бірінші базасында өтеді.

2. Бастапқы әскери даярлықты өткізуді, бастапқы әскери даярлықты оқытушы-ұйымдастырушылардың әдістемелік жағынан даярлығын бақылауды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органымен бірлесіп жүзеге асырады.

3. Әскерге шақыруға дейінгілер мен әскерге шақырылу жасындағы азаматтармен, оқытушы-ұйымдастырушыларды іріктеу мен тағайындауды қоса алғанда бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

### **12-бап. Азаматтарды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау**

1. Әскери-техникалық мамандық бойынша даярлыққа денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды, 17 жас 6 айдан 26 жасқа дейінгі азаматтар тартылады.

Әскерге шақырылышылар окуын бітіргеннен соң, егер оларда оку кезеңінде осы Заңмен көзделген мерзімді әскери қызметті кейінге қалдыру немесе босату құқығы туындаласа мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады.

2. Өндірістен қол үзе отырып әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлықтан өтіп жатқан әскерге шақырылышылардың оку кезеңінде негізгі жұмыс орны бойынша жұмыс орны, атқаратын қызметі сақталады.

### **13-бап. Білім беру ұйымдарында қосымша жалпы білім беру бағдарламалары бойынша кәмелеттік жасқа толмаған азаматтарды әскери даярлау**

1. Қосымша жалпы білім беру бағдарламаларымен жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын және республикалық әскери мектеп-интернаттар (лицейлер) және өзге де білім беру ұйымдары білім беру ұйымдары болып табылады. Көрсетілген білім беру ұйымдарының Жарғыларын олардың құрылтайшылары бекітеді.

2. Кәмелеттік жасқа толмаған азаматтар көрсетілген білім беру үйымдарына медициналық куәландыру, дене даярлығын тексеру және емтихандар тапсыру қорытындысы бойынша конкурстық негізде қабылданады.

3. Тәрбиеленушілердің әскери даярлықтан өту және үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз етілу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

#### **14-бап. Жоғары оқу орындарында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша азаматтарды әскери даярлау**

1. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша азаматтарды әскери даярлау алған жоғары білімі негізінде мемлекеттік тапсырыстарға сәйкес жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында жүргізіледі.

2. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын бітірген және жоғары оқу орнын бітіргеннен соң әскери тағылымдамадан өткен азаматтарға Әскери қызметті өткеру ережесіне сәйкес запастағы лейтенант офицерлік атағы беріледі.

3. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын бітірген және жоғары оқу орнын бітіргеннен соң әскери тағылымдамадан өтпеген азаматтарға запастағы сержант әскери атағы беріледі.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери-есептік мамандықтардың тізбесін, азаматтарды әскери кафедраларда даярлауды жүзеге асыратын оқу бағдарламаларын, запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өтуге ниеті бар азаматтардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптарды айқындайды, жалпы білім беру стандарттарын әзірлейді. Профессорлық-оқытушылық құрамның кандидатурасын келіседі, сондай-ақ әскери кафедраларды әскери-техникалық мүлікпен, қару-жарақпен қамтамасыз етеді.

5. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша азаматтардың әскери даярлықтан өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

#### **15-бап. Дене даярлығы. Емдеу-сауықтыру жұмысы.**

##### **Әскери-патриоттық тәрбие**

Әскерге шақыруға дейінгілер мен әскерге шақырылушылардың дене даярлығын, емдеу-сауықтыру жұмысын, әскери-патриоттық тәрбиесін жергілікті атқарушы органдар үйымдастырады және үйымдар білім беру, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнама талаптарын сақтаумен өткізеді.

##### **3-тaraу. Әскери есеп. Азаматтарды шақыру участкелеріне тіркеу**

#### **16-бап. Әскери есептің жалпы ережелері**

1. Мына азаматтарды қоспағанда, азаматтар әскери есепке түруға жатады:

- 1) әскери-есептік мамандығы жоқ әйел жынысты;
- 2) осы Заңға сәйкес әскери міндетті атқарудан босатылған;
- 3) бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұратын.

2. Әскери міндептілер мен әскерге шақырылышылардың әскери есебін олардың тұрғылықты жері бойынша аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдері (басқармалары) жүзеге асырады, ал олар жоқ елді мекендерде бастапқы әскери есепті поселкелердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтің әкімдері

қамтамасыз

етеді.

3. Әскери есеп, әскери есепке алу құжаттары және оларды ұстай, жинау, сактау, пайдалану және мәліметтерді тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасындағы Әскери міндептілер мен әскерге шақырылышылардың әскери есебі ережесімен (бұдан әрі - Әскери есеп ережесі) белгіленеді.

4. Арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, қатардағы жауынгер немесе басшылық құрамның лауазымдарына тағайындалған ішкі істер, қаржы полициясы, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі органдарының кадрларына есепке алынған әскери міндептілер мен әскерге шақырылыштар әскери есептен шығарылады және Әскери есеп ережесінде белгіленген тәртіппен көрсетілген органдарда арнайы есепте тұрады.

5. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер тиісті әскери бөлімдер мен мекемелердің есебіне алуға жатады. Оларды есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, сондай-ақ басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірінші басшылары белгілейді.

6. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары осы Занға және Әскери есеп ережесіне сәйкес азаматтардың әскери есебін жүргізеді.

### **17-бап. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу**

1. Шақыру учаскелеріне тіркеу еркек жынысты азаматтарға қатысты жүзеге асырылады және жыл сайын қантар-наурызда мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

1) азаматтарды әскери есепке алу;

2) олардың санын айқындау;

3) әскери қызметке жарамдылық дәрежесін айқындау;

4) жалпы білім деңгейін және мамандығын белгілеу;

5) дене даярлығының деңгейін айқындау;

6) әскерге шақырылыштарды алдын ала тағайындау;

7) әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсү үшін кандидаттарды іріктеу.

2. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдері (басқармалары) арқылы аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

3. Азаматтарды тіркеуді жүргізу үшін аудандарда (қалаларда) шақыру участекелері құралады.

Тіркелетін жылы 17 жасқа толған азаматтар шақыру участекелеріне тіркеледі.

4. Поселкелердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері әскери міндеттілердің, әскерге шақырылушилар мен әскер қатарына шақыруға дейінгілердің алғашқы есебін жүргізуді қамтамасыз етеді. Жыл сайын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген мерзімде аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі тиісті жергілікті бөлімдеріне (басқармаларына) шақыру участекелеріне тіркеуге жататын азаматтардың тізімін ұсынады.

5. 17 жасқа толатын жылдың 1 сәуіріне дейін дәлелді себептерсіз әскери есепке тұрмаған әскерге шақыруға дейінгілер әскери есепке қоюдан жалтарған деп есептеліп, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

6. Ұйымдардың лауазымды адамдары Әскери есеп ережесін бұзғаны және шақыру участекелеріне тіркеуге жататын азаматтардың тізімін аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдеріне (басқармаларына) дер кезінде ұсынбағаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

7. Азаматтар әскер қатарына шақыруға дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа олардың жұмыс орны мен атқаратын лауазымы сақтала отырып жұмыстан (окудан) босатылады.

8. Азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеуді жүргізу аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) тиісті жергілікті атқарушы органдар мынадай құрамда тіркеу жөніндегі комиссия құралады:

комиссия төрағасы - ауданның (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің (басқармасының) бастығы комиссия төрағасының орынбасары - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының өкілі.

Комиссия мүшелері:

аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары;  
медициналық персоналдың жұмысына басшылық жасайтын дәрігер - дәрігерлік комиссияның төрағасы;

комиссия хатшысы.

Тіркеу жөніндегі аудандық (қалалық) комиссияның дербес құрамын, оның жұмыс тәртібін жыл сайын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органды бекітеді.

9. Шақыру участекелеріне тіркеу кезінде азаматтар әскери есепке алынады және әскерге шақырылушилар немесе әскери міндеттілер санатына ауыстырылады.

10. Азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеу кезінде медициналық куәландырудың тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қарулы Қүштердегі, басқа да әскерлер мен әскери қуралымдардағы әскери-дәрігерлік сараптама ережесіне (бұдан әрі

- Эскери-дәрігерлік сараптама ережесі) сәйкес жүзеге асырылады.

11. Азаматтарды тіркеуді жүргізу тәртібі Эскери есеп ережесімен белгіленеді.

**18-бап. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және  
эскери міндеттілердің Эскери есеп ережесін  
орындау жөніндегі міндеттері**

1. Поселкенің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері және ұйымдар әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды, оларды аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдеріне (басқармаларына) шақырылғаны туралы хабардар етуге және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Поселкенің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері және ұйымдар өз құзыреті шегінде:

1) әскери-есептік құжаттарда әскери есепке алынғаны (әскери есептен шығарылғаны) туралы қорғаныс істері жөніндегі бөлімдердің (басқармалардың) белгілері бар болған кезде ғана тұрғылықты жері бойынша әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды тіркеуді (тіркеуден шығаруды) жүзеге асыруға, сондай-ақ әскери міндеттілердің, әскерге шақырылышылар мен әскерге шақыруға дейінгілердің сандық құрамын растайтын құжаттаманы қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерге (басқармаларға) ұсынуға;

2) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерге (басқармаларға) әскерге шақыруға дейінгілердің әскери есепке алуға, азаматтарды әскери қызметке (жиындарға) шақыруды жүргізуге көмек көрсетуге;

3) Эскери есеп ережесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және әскерге шақырылышылар мен әскери міндеттілер қатарынан осы Ережені бұзған адамдарды анықтауға міндетті.

3. Ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге асыруға міндетті.

4. Азаматтық хал актілерін жазу органдары жеті күн мерзімде әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышылардың тегін, атын және әкесінің атын, туған күні және туған жерін өзгерткені туралы, сондай-ақ әскери міндеттінің немесе әскерге шақырылышының қайтыс болғаны тіркелген жағдайлар туралы ауданың (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдеріне (басқармаларына) хабарлауға міндетті.

5. Анықтау және алдын ала тергеу органдары оларға қатысты анықтау жүргізіліп жатқан немесе қылмыстық істер қозғалған әскерге шақырылышылар мен әскери міндеттілер туралы, ал сottар қаралып жатқан қылмыстық істер және заңды қүшіне енген үкімдер туралы мәліметтерді қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерге (басқармаларға) жеті күн мерзімде хабарлауға міндетті.

6. Халықты әлеуметтік қорғау органдары мүгедек деп танылған барлық әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышылар туралы аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдеріне (басқармаларына) жеті күн мерзімде хабарлауға міндетті.

Шақыруды өткізуді бастар алдында емдеу үйимдары қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің, бөлімдердің (басқармалардың) сұрау салуы бойынша стационарлық емдеуде және диспансерлік есепте тұрған өскерге шақыру жасындағы азаматтар туралы

х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

7. Өскери міндеттілер мен өскерге шақырылушилар тегін, атын, әкесінің атын, отбасы жағдайын, денсаулық жағдайын (I немесе II топтағы мүгедектер деп танылған), тұрған жерін, білімін, жұмыс орны мен қызметін өзгерткен жағдайда олар өскери есепте тұрған органды жеті күн мерзімде хабардар етуге міндетті.

#### **4-тaraу. Азаматтарды қызметке шақыру**

##### **19-бап. Азаматтарды қызметке шақыру**

1. Азаматтарды мерзімді өскери қызметке шақыру ағымдағы жылға арналған Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жылына екі рет, сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда жүргізіледі.

Қарулы Күштерді, басқа да өскерлер мен өскери құралымдарды қажетті санында жасақтау үшін шақыруды кейінге қалдыру немесе шақырудан босату құқығы жоқ 18-ден 27 жасқа дейінгі ерек жынысты азаматтар шақыруға жатады.

2. Азаматтарды өскери қызметке шақыруды жүргізуі қорғаныс істері жөніндегі тиісті департаменттер, бөлімдер (басқармалар) арқылы жергілікті атқарушы органдар үйимдастырады және қамтамасыз етеді.

Азаматтарды өскерге шақыруды үйимдастыру және өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Азаматтарды мерзімді өскери қызметке шақыруды өткізу ережесінен белгіленеді.

3. Меншік нысанына қарамастан үйимдардың басшылары өскерге шақырылушиларды іссапарлардан (демалыстардан) шақырып алуға, оларды хабардар етуді үйимдастыруға және шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етуге міндетті.

4. Азаматтар осы Заңның 25-бабында көрсетілген міндеттерді орындау үшін жұмыс орны мен атқарған қызметі сақтала отырып жұмысынан, оқуынан босатылады.

Аудандардың (қалалардың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдері (басқармалары) белгілеген мерзімде азаматтардың шақыру учаскелеріне келмеуінің дәлелді себептері мұналар болып табылады:

- 1) науқастануы (жаракаттануы);
- 2) жақын туысының қайтыс болуы немесе ауыр науқастануы;
- 3) азаматтың өзінің келу мүмкіндігінен айырған басқа да жағдайлар.

Келмеу себептері тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

5. Қазақстан Республикасының уақытша шетелде тұратын азаматтарын өскери қызметке шақыру, олардың кейінге қалдыру құқығы болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып келген соң осы

Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Оқу орындарынан шығарылған, соның ішінде осы Заңның 16-бабының 4-тармағында көрсетілген, 27 жасқа толмаған және өскерге шақыру бойынша өскери қызметтің белгіленген мерзімін өткөрмеген азаматтар осы Заңға сәйкес мерзімді өскери қызметке шақыруға жатады.

7. Азаматтарды өскери қызметке шақыру туралы шешім тек олар 18 жасқа толғаннан кейін ғана қабылданады.

8. Шақыру комиссиясынан өткен азаматқа шақыру комиссиясының төрағасы шешімді хабарлайды және азаматтың талабы бойынша шешімнің көшірмесі беріледі.

Азамат шақыру комиссиясының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде сотқа немесе облыстық (қалалық) шақыру комиссиясына шағымдана алады. Бұл ретте шақыру комиссиясының шешімі соттың немесе облыстық (қалалық) шақыру комиссиясының тиісті шешімі шыққанға дейін тоқтатылады.

9. Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының өскерге шақыру туралы шешімі негізінде және қызмет өткеру үшін жіберу туралы ауданың (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (басқармасы) бастығының бүйіріғы шыққан күн мерзімді қызмет өскери қызметшісінің қызмет мерзімін бастаған күні болып есептеледі. Өскери бөлімнің тізімінен шығарылған күн қызмет мерзімінің аяқталған күні болып есептеледі.

10. Қорғаныс министрі және басқа да өскерлер мен өскери құралымдардың бірінші басшылары денсаулық жағдайы бойынша өскери қызметке жарамсыз адамдарды өскери ант қабылдағанға дейін аудандық (қалалық) шақыру комиссиясы шешім қабылдау үшін көрі қайтаруға құқылы.

## **20-бап. Запастағы офицерлерді өскери қызметке шақыру**

1. Өскери қызметке жарамды 29 жасқа дейінгі запастағы офицерлер бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде офицерлер құрамының лауазымдарында өскери қызмет өткеру үшін шақырылады.

2. Қарулы Күштерге, басқа да өскерлер мен өскери құрылымдарға өскери қызметке шақыруға жататын запастағы офицерлердің санын және өскери-есептік мамандықтарды үәкілетті мемлекеттік органдардың өтінімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Запастағы офицерлерді өскери қызметке шақыру:

1) ауданың (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (басқармасының) бастығы шешім қабылдау үшін медициналық қуәландыруға келуін;

2) ауданың (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (басқармасына) келуін және өскери қызмет өткеру орнына бару үшін нұсқама алудың қамтиды.

4. Запастағы офицерлерді өскери қызметке шақыруды ауданың (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (басқармасының) бастығы ұйымдастырады.

5. Ауданың (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (басқармасы) бастығының әскерге шақыру және қызмет өткери үшін жөнелту туралы бұйрығының шыққан күні әскерге шақыру бойынша әскери қызметшінің қызмет мерзімінің басталған күні болып есептеледі. Әскери бөлімнің тізімінен шығарылған күн қызмет мерзімінің аяқталған күні болып есептеледі.

## **21-бап. Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру**

1. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының шешімі бойынша:

- 1) отбасы жағдайы бойынша;
- 2) оку орындарында оқуын жалғастыру үшін;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша;
- 4) басқа да себептер бойынша беріледі.

2. Отбасы жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

1) басқа адамның көмегіне мұқтаж және толық мемлекеттік күтімде болмайтын отбасы мүшелерін күтумен айналысатын, онымен бірге немесе бөлек тұруына қарамастан жақын туыстарының немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұратын басқа да адамдар болмаған кезде заң бойынша көрсетілген отбасы мүшелерін ұстауға міндетті азаматтарға беріледі.

Басқа адамның көмегіне күтіміне мұқтаж отбасы мүшелері мыналар болып та б ы л а д ы :

әкесі, анасы, әйелі, сондай-ақ әскерге шақырылуышының ата-анасы болмаған кезде зейнеткер жасына жеткен немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын атасы мен әжесі, егер олар оның асырауында болса;

егер ата-анасы болмаған кезде олар бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын 18 жасқа толмаған немесе одан үлкен аға-інілері, апа-қарындастары;

әскерге шақырылуышыдан басқа 18 жасқа дейінгі бір немесе одан да көп ересек балалары бар анасы (әкесі), бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын және оларды күйеусіз (әйелсіз) тәрбиелеп отырғандар;

өзінің асырауында бір және одан да көп жалғызлікті жақын туыстары жасы бойынша еңбекке қабілетсіз немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын (әкесі, анасы, аға-інісі, апа-қарындасы) және оларды күйеусіз (әйелсіз) асырап отырған анасы (әкесі);

өзінің асырауында бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын екінші біреуді асырап отырған және әскерге шақырылуышыдан басқа 18 жасқа дейін бір және одан да көп баласы бар ата-анасының біреуі;

2) өзінің асырауында:

анасыз тәрбиелеп отырған баласы;

ата-анасының қайтыс болуына, сондай-ақ олардың ата-ана құқығынан айырылуына немесе сотпен бас бостандығынан айырылуына байланысты екі жылдан астам

тәрбиелеген және асыраған адамдары бар;

3) некеде тұрған және бір және одан да көп баласы бар азаматтар.

3. Білімін жалғастыру үшін мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

1) тиісті білім беру үйымдарында негізгі, орта және қосымша жалпы білім алатын азаматтарға, оқу кезеңіне;

2) тиісті білім беру үйымдарында құзғі оқу нысаны бойынша кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта немесе кәсіптік жоғары білім алатын, сондай-ақ басқа мемлекеттердің жоғары оқу орындарында оқитын азаматтарға бір жоғары оқу орнын бітіргенге дейін жоғары оқу орнында оқитынын растайтын құжаттарды ұсынған кезде;

3) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алатын азаматтарға (аспиранттар, докторанттар) - оқу кезеңіне беріледі.

4. Денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға шақыру комиссиясының шешімімен бір жылға дейінгі мерзімге беріледі.

5. Басқа себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

1) ауылдық (селолық) жерлерде орналасқан, кәсіптік орта немесе кәсіптік жоғары педагогикалық білімі бар және мамандығы бойынша жұмыс істейтін білім беру үйымдарының мұғалімдеріне (оқытушыларына) жұмыс істеген барлық кезеңіне;

2) ауылдық (селолық) жерлерде мамандығы бойынша тұрақты жұмыс істейтін, тиісті білімі бар дәрігерлерге емдеу үйымдарында жұмыс істеген барлық кезеңіне;

3) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілетті органдардың депутаттарына, олардың депутаттық өкілеттігі мерзіміне;

4) оларға қатысты анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе соттар қылмыстық істерін қарап жатқан адамдарға тиісінше тергеу аяқталғанға немесе соттың шешімі жарияланғанға дейін;

5) күндізгі оқу нысаны бойынша орта және жоғары діни оқу орындарында оқитын, сондай-ақ діни атағы немесе тіркелген діни конфессиялардың бірінде штаттықлауазымы бар әскерге шақырылушыларға оқуы немесе діни қызметі кезеңіне;

6) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындағының үйымдарда мамандығы бойынша жұмысқа қабылданған, жоғары кәсіптік білімі бар азаматтарға жұмыстың барлық кезеңіне беріледі.

6. Офицер әскери атағын берумен запасқа тіркелген азаматтарға осы баптың 2-тармағында, 3-тармағының 3) тармақшасында 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру ұсынылады.

7. Азаматтар әскерге шақыруды кейінге қалдырудан бас тартуға құқылы және осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында және 4-тармағында көрсетілген адамдардан басқа, өзінің жеке өтінішін және мүдделі адамдардан және халықты әлеуметтік қорғау органдарынан нотариалды тұрде расталған тиісті құжаттарды ұсынған кезде әскери шақырылуы мүмкін.

8. Осы бапта көзделген шақыруды кейінге қалдыру үшін негізін жоғалтқан азаматтар осы Занда белгіленген тәртіппен әскерге шақыруға жатады.

## **22-бап. Әскери қызметке шақырудан босату**

1. Бейбіт уақытта мерзімді әскери қызметке шақырудан:
  - 1) әскери қызметті өткеретін немесе өткерген;
  - 2) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған;
  - 3) 27 жасқа жеткеннен кейін мерзімді әскери қызметке және 29 жасқа жеткеннен кейін офицерлер құрамының лауазымдарына занды негізде шақырылмаған;
  - 4) әскери қызметті өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның жақын туыстарының біреуі (әкесі, анасы, аға-інісі немесе апа-қарындасы) қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып қалған;
  - 5) басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызметті өткерген;
  - 6) ғылыми дәрежесі бар азаматтар босатылады.
2. Әскерге шақырудан босатылуға құқығы бар азаматтар осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдардан басқа, мұдделі адамдардан нотариалды түрде расталған тиісті құжаттарды және жеке өзінің өтінішін ұсынған кезде олардың тілегі бойынша әскери қызметке шақырылуы мүмкін.
3. Бейбіт уақытта занда белгіленген тәртіппен сottылығы өтелмеген және алынбаған азаматтар әскери қызметке шақыруға жатпайды.
4. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген шақырудан босату үшін негізін жоғалтқан азаматтар осы Занда белгіленген тәртіппен әскерге шақыруға жатады

## **23-бап. Шақыру комиссиялары**

1. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу үшін жергілікті атқарушы органдар осы Заңның 17-бабының 8-тармағымен айқындалған құрамда шақыру комиссияларын құрады.

Шақыру комиссиясының дербес құрамын және мерзімді әскери қызметті өткеру үшін азаматтарды әскерге шақыруды өткізу кестесін жергілікті атқарушы орган бекітеді.

2. Шақыру комиссиясына әскери қызметке шақыруға жататын азаматтарды медициналық куәландыруды ұйымдастыру жөніндегі міндеттер және оларға қатысты мынадай шешімдердің біреуін қабылдау жүктеледі:

- 1) Қарулы Күштердің тиісті түрлері мен әскер тектеріндегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарындағы әскери қызметке шақыру туралы;
- 2) әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну туралы;
- 3) әскери қызметке шақырудан босату туралы;
- 4) әскери міндеттін атқарудан босату туралы.

Шақыру комиссиясына, сондай-ақ әскери оқу орындарына түсетін азаматтарды медициналық куәландыруды ұйымдастыру жөніндегі міндеттер және оларды

конкурстық қабылдау емтихандарын тапсыру үшін жіберу туралы немесе осы бағытта бас тарту туралы шешім қабылдау жүктеледі.

3. Облыс орталықтарында (республикалық маңызы бар қалаларда, астанада) аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау және бақылау үшін тиісті облыстық (қалалық) шақыру комиссиялары мынадай құрамда

құрылады :

комиссия төрағасы - облыстың (республикалық маңызы бар қалаларда, астанада) қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы;

комиссия төрағасының орынбасары - облыстың (республикалық маңызы бар қалаларда, астанада) жергілікті атқарушы органдарының өкілі;

Комиссия мүшелері :

облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) ішкі істер басқармасы  
бастығының орынбасары ;

облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) денсаулық сақтау  
басқармасы (департаменті) бастығының орынбасары;

облыстың (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі департаментінің дәрігері (медицина  
қызметінің офицері) - әскери-дәрігерлік комиссиясының төрағасы;

комиссия хатшысы .

Комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қоғамдық  
бірлестіктердің өкілдері енгізілуі мүмкін. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы тиіс.

4. Облыстық (қалалық) шақыру комиссиясы мынадай жұмыстарды жүргізеді:

1) оларды қызмет өткеру орнына жөнелту алдында запаста тұрмаған, әскери  
қызметке шақырылған азаматтарға медициналық тексеруді ұйымдастырады, сондай-ақ  
қорытындымен келіспеу туралы өтініш берген азаматтарға, олардың медициналық  
куәландыру қорытындылары бойынша әскери қызметке жарамдылығы туралы бақылау  
медициналық куәландыруды жүргізеді;

2) аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасауды  
жүзеге асырады ;

3) азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру және  
босатудың дұрыстығын тексереді ;

4) Қарулы Күштердің түрлері мен әскер тектерінде, басқа да әскерлер мен әскери  
құралымдарда мерзімді әскери қызметті өткеру үшін азаматтарды шақырудың  
негізділігіне бақылау жасайды ;

5) аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының шешімдеріне азаматтардың  
арыздарапын қарастырады .

5. Облыстық (қалалық) шақыру комиссиясы төмен тұрған шақыру  
комиссияларының шешімін жоюға құқылы.

## **24-бап. Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтарды медициналық куәландыру және медициналық тексеру**

1. Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтар дәрігерлік комиссиялардың медициналық куәландыруынан өтеді.

Дәрігерлік комиссияның құрамына терапевт, хирург, невропатолог, психиатр, окулист, оториноларинголог, дерматовенеролог, стоматолог дәрігер-мамандар, ал қажетті жағдайда басқа да мамандықтардың дәрігерлері енеді.

2. Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтарды медициналық куәландыру жөніндегі жұмысқа басшылық жасайтын дәрігерлер медициналық куәландырудың қорытындысы бойынша мынадай санаттар бойынша әскери қызметке жарамдылығы түралы қорытынды береді:

A - әскери қызметке жарамды;

B - шамалы шектеулермен әскери қызметке жарамды;

C - шектеулермен әскери қызметке жарамды;

D - әскери қызметке уақытша жарамсыз;

Д - бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында әскери қызметке шектеулі жарамды;

E - есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз.

3. Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтарға медициналық куәландыруды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі Әскери-дәрігерлік сараптама ережесімен айқындалады.

## **25-бап. Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтардың міндеттілігі**

1. Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтар ауданның (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (басқармасының) шақыру қағазы бойынша медициналық куәландыруға, шақыру комиссиясының отырысына немесе әскери қызметті өткеру үшін әскери бөлімге жөнелту үшін келуге, сондай-ақ әскери қызметті өткеру орнына жөнелткенге дейін қорғаныс істері жөніндегі бөлімде (басқармада) болуға міндетті.

2. Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтар шақыру қағазын қорғаныс істері жөніндегі бөлімнен (басқармадан) қол қойып алуға міндетті. Шақыру қағазын азаматтарға қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің (басқарманың) лауазымды адамдары немесе азаматтың жұмыс (оку) орны бойынша басшылар, ұйымның әскери-есептік жұмысқа жауапты басқа да лауазымды адамдары тапсырады. Шақыру қағазында азаматтардың оларда баяндалған талаптарды орындаудың салдарлары көрсетілуі тиіс.

Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтарға көрсетілген лауазымды адамдардың шақыру қағазын тапсыруы мүмкін болмаған жағдайда, олардың келуін қамтамасыз ету тиісті ішкі істер органдарына жүктеледі.

3. Офицер әскери атағын берумен запасқа алынған азаматтар қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің (басқарманың) шақыру қағазы бойынша әскери қызметке шақыру

туралы шешім қабылдау және әскери қызметті өткери орнына кетуге нұсқама алу үшін медициналық куәландыруға келуге міндettі.

4. Азаматтар дәлелсіз себептермен әскери қызметке шақырумен байланысты іс-шараларға келмеген жағдайда, ол әскери қызметтөн жалтарған болып саналады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

### **5-тaraу. Келісім-шарт бойынша азаматтарды әскери қызметке қабылдау**

#### **26-бап. Әскери қызметті өткери туралы келісім-шарт**

1. Әскери қызметті өткери туралы келісім-шарт азамат пен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың уәкілетті лауазымды адамымен жасасылады.

2. Келісім-шарт Әскери қызметті өткери ережесімен айқындалған тәртіpte үлгілік нысан бойынша жазбаша түрде жасасылады.

3. Әскери қызметті өткери туралы келісім-шартпен азаматтың әскери қызметке қабылдануының еріктілігін, азаматтың әскери қызметті өткеруді міндettенген мерзімі мен келісім-шарттың талаптары бекітіледі.

4. Әскери қызметті өткери туралы келісім-шарттың талаптары азаматтың келісім-шартпен белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметті өткери, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген әскери қызметшінің жалпы, лауазымдық міндettтерін адаптация мен міндettілігін қамтиды. Сондай-ақ келісім-шарттың талаптары Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жеңілдіктерді, кепілдіктер мен өтемақыларды алуды қоса алғанда оның құқықтары мен отбасы мүшелерінің құқықтарын сақтаудағы азаматтың құқығын қамтиды.

5. Әскери қызметті өткери туралы келісім-шарт лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың шыққан күнінен бастап күшіне енеді және өз қолданысын:

1) келісім-шарт жасасылған мерзімнің аяқталуы бойынша;

2) әскери қызметшінің мерзімінен бұрын босатылуына байланысты;

3) әскери қызметшінің әскери қызметті өткери туралы өзге де келісім-шарт жасасқан күнінен бастап;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

6. Әскери қызметшіні қызметке тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген күн әскери қызметшінің қызметтік міндettтерін орындауды бастаған күні болып есептеледі.

7. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындаған әскери қызметшілер әскери қызметті тиісті лауазымда әскери қызметті өткери туралы келісім-шарт жасамастан өткереаді.

Көрсетілген лауазымға тағайындалғанға дейін әскери қызметшілермен әскери қызметті өткери туралы жасасылған келісім-шарт өзінің қолданысын тоқтатады. Осы

әскери қызметшілерге, келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметшілердің мәртебесі сақталады.

Көрсетілген әскери қызметшілерді лауазымынан босатқаннан кейін әскери қызмет өткери туралы жаңа келісім-шарт жасасылады немесе осы Заңмен және Әскери қызметті өткери ережесімен айқындалған негіздер бойынша және тәртіппен әскери қызметтегі босатылады.

8. Жоғары білімі бар және 6 ай қызмет өткерген мерзімді қызметтің әскери қызметшілері сержанттар және офицерлер құрамының лауазымдарына Әскери қызметті өткери ережесінде айқындалған тәртіппен келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдануы мүмкін.

### **27-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамдарға қойылатын талаптар**

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамдар мынадай талаптарға жауап беруі:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы болуы;

2) осы Заңмен белгіленген әскери атағына байланысты, курсанттарды қоспағанда 19 жастан кіші және әскери қызметте болудың шекті жасынан үлкен болмауы тиіс.

2. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке:

1) белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таңылған;

2) тиісті дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін аткаруға кедергі келтіретін науқасы бар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартқан;

4) әскери қызметке қабылданар уақытта заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сottылығы бар не оған қатысты қылмыстық іс қозғалған;

5) әскери қызметке қабылданар алдындағы екі жыл ішінде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапқа тартылған;

6) әскери қызметке қабылданар алдындағы бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

7) әскери қызметке қабылданғанға дейін алдындағы үш жыл ішінде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған адамдар қабылдануы мүмкін емес.

3. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамға қатысты арнайы тексеру жүргізіледі.

4. Азаматтың белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау үшін Әскери-дәрігерлік сараптама ережесіне сәйкес медициналық куәландыру жүргізіледі. Медициналық куәландырудың қорытындысы бойынша осы Заңның 24-бабының 2-тармағына сәйкес азаматтың әскери қызметке жарамдылығы туралы қорытынды беріледі. Келісім-шарт

бойынша әскери қызметке әскери қызметке жарамды немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды деп танылған азамат қабылдануы мүмкін.

5. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын кандидаттан бас тарту үшін ,

соңдай-ақ :

- 1) осы баптың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді бұрмалау;
- 2) кандидаттың әскери-есептік мамандығы бойынша бос қызметтердің болмауы;
- 3) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын кандидаттың осы Занда және Әскери қызметті өткеру ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

### 28-бап. Азаматтарды әскери оқу орындарына қабылдау.

**Әскери оқу орындарында оқитын азаматтармен  
әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт жасасу**

1. Әскери оқу орнына :

1) қабылданар жылы 17 жасқа толған, бірақ 21 жастан аспаған әскери қызмет өткөрмеген

азаматтар ;

2) әскери қызмет өткерген азаматтар және олар қабылданар жылы 24 жасқа жеткенге дейін мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер;

3) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың бірінші басшылары айқындастын тәртіппен келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер қабылдануға құқылы.

2. Курсанттың (тыңдаушының) әскери оқу орнына қабылданған күн қызметтік міндеттерін атқаруды бастаған күні болып есептеледі.

3. Әскери оқу орындарына қабылданатын азаматтар келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын азаматтар үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Әскери оқу орындарына қабылданатын азаматтар Әскери қызметті өткеру ережесіне сәйкес әскери лауазымдарға тағайындалады.

4. Әскери қызметті өткермеген азаматтар әскери оқу орнына қабылданған кезде келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің мәртебесіне ие болады және олар 18 жасқа толғаннан кейін, бірақ олар көрсетілген әскери оқу орындарында бірінші курсы аяқтамастан бұрын әскери қызмет өткеру туралы

келісім-шарт жасасады .

Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметшілер әскери оқу орнына қабылданған кезде әскери қызмет өткеру туралы жаңа келісім-шарт жасасады.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткерген, сондай-ақ әскерге шақыру бойынша әскери қызметті өткерген немесе өткеретін азаматтар әскери оқу орнына қабылданған кезде оқу басталғанға дейін әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт жасасады .

Осы Заңмен белгіленген тәртіpte әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт жасасудан бас тартқан әскери қызметшілер әскери оқу орнынан шығаруға жатады.

5. Эскери оқу орындарына қабылданбаған эскери қызметшілер Әскери қызметті өткери ережесімен айқындалған тәртіппен одан әрі әскери қызметті өткери үшін жіберіледі.

6. Эскери оқу орнынан шығарылған эскери қызметшілер, сондай-ақ әскери қызметті өткери туралы келісім-шарт жасасудан бас тартқан, егер олар әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімін өткермесе тұрғылықты жері бойынша әскери есепке қою үшін жіберіледі және жалпы негіздерде әскери қызметке шақырылады. Бұл ретте үлгермеушілігі немесе тәртіпсіздігі үшін әскери оқу орнынан шығарылған эскери қызметшілер оларды оқытуға салған бюджет қаражатын мемлекетке төлеуге міндettі.

7. Әскери қызметші әскери оқу орнын бітіргеннен кейін он жыл ішінде әскери қызметті өткеруден бас тартса немесе өз бастамасы бойынша келісім-шартты бұзса ол оны оқытуға жұмысалған бюджет қаражатын мемлекетке төлеуге міндettі. Ұсталуға жататын сома келісім-шарт мерзімі аяқталғанға дейін әрбір толық өтелмеген айға тәпеп - тәң есептелеуді.

8. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін әскери қызметшілерге Әскери қызметті өткери ережесіне сәйкес лейтенант әскери атағы беріледі.

### **29-бап. Келісім-шарт мерзімі және оны жасасу тәртібі**

1. Әскери қызметті өткери туралы келісім-шарт үш жылға, бес жылға, он жылға, әскери қызметте болу жасының шегіне жеткенге дейін немесе әскери оқу орнында оқу мерзіміне және оны бітіргеннен кейін әскери қызметке он жылға жасасылуы мүмкін.

2. Кандидаттарды іріктеу және оларды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау тәртібі Әскери қызметті өткери ережесіне сәйкес айқындалады.

### **6-тaraу. Әскери қызметті өткериу**

### **30-бап. Әскери қызмет міндettтерін атқару**

1. Әскери жиындардан өтетін әскери қызметші, сондай-ақ әскери міндettі:

1) лауазымдық міндettтерін атқарған;

2) командирлер (бастықтар) берген бүйрықтарды немесе өкімдерді орындаған;

3) жауынгерлік кезекшілікті, жауынгерлік қызметті, тәуліктік және гарнizonдық нарядтардағы қызметті атқарған;

4) жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан, төтенше немесе соғыс жағдайларында, сондай-ақ қарулы жанжалдар жағдайларында міндettтерін атқарған;

5) бейбітшілікті және қауіпсіздікті сақтау жөніндегі бітімгершілік операцияларына қатысқан;

6) зілзала, апаттар мен техногендік немесе өзге де сипаттағы апаттардың салдарларын жоюға қатысқан;

7) оқу-жаттығуларға немесе кеме жорықтарына қатысқан;

8) егер бұл қызметтік қажеттіліктен туындаста, күн тәртібімен белгіленген қызмет уақыты немесе басқа да уақыт ішінде әскери бөлімнің аумағында болған;

9) қызметтік іссапарда болған;

- 10) қызметте, қызмет орнына бару мен кері қайту жолында болған;
  - 11) емдеуде, емдеу орнына бару мен кері қайту жолында болған;
  - 12) демалыста, демалысын өткізу орнына бару мен кері қайту жолында болған;
- 13) әскери жиындардан өтетін;
- 14) ерікті түрде тұтқынға түскен жағдайларды қоспағанда, тұтқында, кепілдікте немесе бопсалау жағдайында болған;
  - 15) жеке бастың өмірін, денсаулығын, абыройы мен намысын қорғаған;
  - 16) адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау, құқық тәртібін сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде құқық қорғау органдарына көмек көрсеткен;
  - 17) жеке адам, қоғам, мемлекет мұддесінде жасалған деп сотпен танылған өзге де іс-қимылдар жасаған жағдайларда әскери қызмет міндеттерін атқарушы болып есептеді.

2. Командирлерге (бастықтарға) әскери қызметтің міндеттерін атқаруға қатысы жоқ немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар (жарлықтар) мен өкімдер беруге тыйым салынады.

Көрсетілген бұйрықтар (жарлықтар) мен өкімдер берген командирлер (бастықтар) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

### **31-бап. Әскери қызметшілерді лауазымға тағайындау және ауыстыру**

1. Әскерге шақыру және келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеру, лауазымға тағайындау кезінде әскери қызметшілерге талаптар қою, сондай-ақ оларды ауыстыру тәртібі Әскери қызметті өткеру ережесімен белгіленеді.

2. Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметшілердің бір мемлекеттік органнан басқасына ауысуы және ауыстырылуы, әдеттегідей, келісім-шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

### **32-бап. Әскери қызмет мерзімі**

Әскери қызмет мерзімі күнтізбелік есеппен:

1) осы баптың 2) тармақшасында көрсетілгендерді қоспағанда, мерзімді қызметтің солдаттары мен сержанттары үшін - 12 ай;

2) Қарулы Күштер Әскери-Теңіз күштерінің корабльдері мен кемелері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мерзімді қызметінің матростары мен старшиналары, сондай-ақ ішкі істер органдары ішкі әскерлерінің және Республикалық ұланның солдаттары мен сержанттары үшін - 18 ай;

3) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлер үшін - 36 ай;

4) келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметшілер үшін - әскери қызметті өткеру туралы келісім-шартта көрсетілген мерзім болып белгіленеді.

### **33-бап. Әскери қызметшілердің әскери қызметтегі әскери атақтарда болу жасының шегі**

1. Осы Заңның 46-бабының З-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, әскери қызметшілердің әскери қызметтегі әскери атақтарда болу жасының шегі:

1) солдаттар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамының әскери қызметшілері үшін - 45 жас;

2) кіші және аға офицерлер құрамы үшін подполковникке (2-дәрежелі капитанға) дейінгіні қоса алғанда - 48 жас;

3) аға офицерлер құрамы үшін полковник (1-дәрежелі капитан) - 53 жас;

4) жоғары офицерлер құрамы үшін генерал-лейтенантқа (вице-адмиралға) дейінгіні қоса алғанда - 58 жас;

5) жоғары офицерлер құрамы үшін генерал-полковниктен (адмиралдан) бастап 63 жас болып белгіленеді.

2. Шекті жасқа жеткен әскери қызметшілер Әскери қызметті өткеру ережесінде белгіленген тәртіппен запасқа шығаруға жатады.

Жоғары кәсіптік даярлығы, атқарып отырған лауазымында жұмыс тәжірибесі бар және әскери қызметті өткеру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамды әскери қызметшілерге осы Заңның 29-бабына сәйкес жаңа келісім-шарт жасасу жолымен, бірақ 5 жылдан аспайтын мерзімге Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірінші басшылары әскери қызмет мерзімін ұзартуы мүмкін.

### **34-бап. Әскери қызметтен босату**

1. Әскери қызметшілерді әскери қызметтен босату мынадай негіздер:

1) жасы бойынша - әскери қызметте болудың шекті жасына жеткеннен кейін;

2) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімінің немесе келісім-шарт мерзімінің аяқталуы бойынша;

3) денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның оны әскери қызметке жарамсыз деп танығаны туралы қорытындысына байланысты;

4) денсаулық жағдайы бойынша - аға сержантқа (старшинаға) дейінгіні қоса алғанда, әскери атақ штатпен көзделген әскери лауазымда келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген немесе әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшіні әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке шектеулі жарамды деп тануы туралы қорытындысына байланысты;

5) оның әскери атағынан айрылуы;

6) әскери қызметшіге бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімінің заңды күшіне енүі;

7) әскери оқу орнынан шығарулуы;

8) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуы бойынша жүргізіледі.

2. Келісім-шарт бойынша әскери қызметші әскери қызметтен мерзімінен бұрын:

1) ұйымдық-штаттық іс-шараларға;

2) арнайы атақтар беру көзделген мемлекеттік органдарға (мекемелерге) қызметке аудусуына;

3) олардың келісім-шарт талаптарын орындамауына, сондай-ақ дәлелсіз себептермен қызметке шықпауына байланысты;

4) арнайы тексерістен бас тартуына;

5) әскери қызметшіге шартты түрде бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімінің заңды күшіне енуіне;

6) әскери қызметшінің іскерлік және моральдық қасиеттеріне сүйене отырып, жағымсыз себептер бойынша босатылуы мүмкін.

3. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші:

1) оған қатысты келісім-шарт талаптарының елеулі және (немесе) жүйелі түрде

бұзылған жағдайда;

2) денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссиясының оны әскери қызметке шектеулі жарамды деп тану туралы қорытындысына байланысты (осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдардан басқа);

3) отбасы жағдайы бойынша;

әскери қызметші әскери қызметті өткеретін жергілікті жерлерде медициналық көрсеткіштер бойынша әскери қызметші отбасы мүшесінің тұруына мүмкіндік болмауымен және әскери қызметшіні көрсетілген отбасының мүшесі тұру үшін қолайлыштырылған жаңа орнына ауыстыру мүмкіндігі болмауына;

басқа жергілікті жерге отбасын көшіру қажеттілігімен байланысты әскери қызметші құйеуінің (әскери қызметші әйелінің) әскери қызмет орнының өзгеруіне;

олардың тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік қорғау органдарының қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша ұдайы күтімді (көмекті, қадағалауды) қажет ететін не бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер немесе қартауы бойынша зейнетакы жасына жеткен немесе 18 жасқа толмаған адамдар болып табылатын әкесін, анасын, әйелін, құйеуін, жақын аға-інісін, жақын апа-қарындастын, атасын, апасын немесе асыраушысын ұдайы қажеттілігімен, заң бойынша көрсетілген азаматтарды ұстауға міндетті басқа адамдар болмауына;

әскери қызметші анасыз (әкесіз) тәрбиелеп отырған 18 жасқа толмаған бала

кутімінің қажеттілігінде;

4) тұрақты негізде биліктің өкілетті органына сайлануына;

5) Қазақстан Республикасының сот органдарына судья болып тағайындалуына немесе сайлануына байланысты әскери қызметтен мерзімінен бұрын босатылуға

құқылыш.

4. Офицер әскери атағы жоқ және әскерге шақыру бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметші мынадай жағдайлар бойынша мерзімінен бұрын босатылуға

құқылыш:

1) осы Заңның 21-бабының 7-тармағына және 22-бабының 2-тармағына сәйкес кейінге қалдырудан бас тарту туралы өтініш берген адамдарды қоспағанда, отбасы жағдайының өзгеруі салдарынан кейінге қалдыру құқығы туындаған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шығуға құқық берілгенін күеландыратын құжаттары болған кезде отбасы құрамында шетелде тұрақты тұруға немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұратын отбасына қосылу

үшін.

5. Офицер әскери атағы бар және әскерге шақыру бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметші онда 21-баптың 2-тармағының 1), 2) тармақшаларымен көзделген жағдайлар болған кезде әскери қызметтен мерзімінен бұрын босатылуға құқылы.

6. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші қайтыс болған (қаза тапқан) күнінің келесі күні, ал заңмен белгіленген тәртіппен хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған әскери қызметші соттың тиісті шешімі заңды қүшіне енген күнінен кейін әскери бөлім жеке құрамының тізімінен шығарылады.

7. Белгіленген мерзімді өткерген адамдарды әскери қызметтен босату төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, олардың қолданылу кезеңінде тоқтатылады.

8. Әскери қызметшілерді әскери қызметтен босату тәртібі Әскери қызметті өткеру ережесіне сәйкес жүргізіледі.

### **7-тaraу. Запаста болу**

#### **35-бап. Запаста болу**

1. Мыналар запасқа тіркелген азаматтар болып есептеледі:

1) запасқа тіркеумен әскери қызметтен босатылған;

2) әскери қызметке шақырудан босатылуына байланысты әскери қызметтен өтпеген ;

3) олар 27 жасқа толғаннан кейін әскерге шақыруы кейінге қалдыруға байланысты әскери қызметтін өтпеген ;

4) басқа да себептер бойынша әскери қызметке шақырылмаған;

5) әскери-есептік мамандығы бар әйел жынысты адамдар;

6) жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен адамдар.

2. Запаста болатын азаматтар Әскери-дәрігерлік сараптама ережесіне сәйкес әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін медициналық күеландырудан өтеді.

3. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған, сондай-ақ соттың шешімімен офицерлер құрамының әскери атағынан айырылған адамдар қатардағы жауынгер немесе матрос әскери атағын берумен ауданының (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен (басқармасымен) запасқа шығарылады.

4. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қызмет өткерген адамдарға запасқа шығарылған кезде ауданының (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (басқармасы) әскери-есептік мамандық белгілейді.

5. Үлттық қауіпсіздік органдары үшін запас осы Заңмен немесе Қазақстан

Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалған тәртіппен құрылады.

6. Запастағы қызмет жиындарынан өтуді, әскери қызметке шақыру ережесін орындауды, сондай-ақ әскери есеп бойынша міндеттерді сақтауды қамтиды.

### **36-бап. Запаста болу жасының шегі. Запас топтары**

1. Ерекк жынысты әскери міндеттілердің жасы бойынша запаста болуы екі топқа бөлінеді. Топтар запаста болу мерзімінің ұзақтығына байланысты белгіленеді.

2. Солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар мынадай жас шегіне дейін запаста боловады:

1) бірінші топ - 35 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

2) екінші топ - 36 жастан 45 жасқа дейін.

3. Офицерлер мынадай жас шегіне дейін запаста болады:

1) бірінші топ - 45 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

2) екінші топ - 46 жастан 55 жасқа дейін.

4. Әскери міндетті әйелдер оларға берілген әскери атақтарына қарамастан екінші топтағы запасқа есептеледі.

Олардың запаста болу жасының шегі былай белгіленеді:

1) солдат (матрос), сержант, старшина құрамының адамдары үшін - 45 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

2) офицерлер құрамының адамдары үшін - 50 жасқа дейінгіні қоса алғанда.

5. Запаста болу жасының шегіне жеткен немесе әскери есептен шығарумен денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған әскери міндеттілер отставкаға ауыстырылады.

6. Соғыс уақытында Қазақстан Республикасының Президенті запаста болу жасының шегін ұзартуы мүмкін.

### **37-бап. Әскери жиындардан өту**

1. Соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтауға арналған әскери міндеттілер оқу-жаттығу, тексеру және арнаулы әскери жиындарға шақырылады.

2. Бір ай мерзіммен өткізілетін оқу-жаттығу жиындарына әскери міндеттілер кезеңділігі бес жылда бір рет шақырылады.

3. Әскери міндеттілердің оқу-жаттығу жиындарын өткізу уақытын Қазақстан Республикасының Укіметі белгілейді.

4. Әскери міндеттілер оқу-жаттығу жиындары арасындағы кезеңде 15 күнге дейінгі мерзімге жұмыстан қол үзе отырып тексеру жиындары мен командирлік даярлыққа тартылуы мүмкін.

5. Запаста болған уақыт ішінде жиындардың жалпы мерзімі әскери міндеттілер үшін 18 айдан аспауы керек. Бұл ретте оқу-жаттығу жиындарында болудың жалпы мерзіміне тексеру жиындарында болған уақыты да есептеледі.

6. Арнаулы жиындар төрт айға дейінгі ұзақтықпен өткізіледі.
7. Әскери міндептілердің жиындар кезеңінде жұмыс орны, атқаратын лауазымы сақталады.

Әскери міндептінің дәлелсіз себептермен жиындар орналасқан орындардан тыс болған уақыты жиындардан өту мерзіміне есептелмейді.

8. Әскери жиындарды өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейды.

### **38-бап. Әскери жиындардан өтуден босату**

1. Оқу-жаттығу жиындарынан өтуден мыналар босатылады:

1) шаруашылық жүргізуі субъектілер үшін бронь алған әскери міндептілер;  
2) мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының қорғанысын, қауіпсіздігі мен құқық тәртібін қамтамасыз етумен байланысты лауазымдарда жұмыс істейтін адамдар;

3) азаматтық авиацияның жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды тікелей қамтамасыз ететін ұшқыш және техникалық құрамы, жұмысшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ оқу-жаттығу авиациясы клубтарының персоналы;

4) ауыл шаруашылығына және ауыл шаруашылық техникасын жөндеу жөніндегі ұйымдарда жұмыс істейтін адамдар - егін егу және жинау жұмыстары кезеңінде;

5) білім беру ұйымдарының педагогикалық құрамы - оқу жылы кезеңінде;

6) барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу түрінде оқытындар;

7) аспиранттар мен докторанттар - аспирантура мен докторантурадағы оқу кезеңінде;

8) әскери міндепті әйелдер;

9) әскери міндептілер запасқа шыққаннан кейін екі жыл бойы;

10) 18 жасқа дейін үш және одан да көп баласы бар әскери міндептілер;

11) өздері жөнінде анықтау алдын ала тергеу жүріп жатқан немесе қылмыстық ісі сопта қаралып жатқан адамдар;

12) Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттардың депутаттығына сайланған әскери міндептілер.

Осы баптың 1), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген әскери міндептілер арнайы жиындардан өтуден босатылмайды.

### **8-тарау. Жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақыру.**

#### **Тарату**

### **39-бап. Жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақыру және соғыс уақытында одан кейінгі әскери қызметке шақыру**

1. Жұмылдыру жарияланған кезде әскери қызметте тұрған және әскери жиындарда жүрген, босатуға жататын барлық азаматтар ерекше өкімге дейін әскери бөлімдерде кідіре тұрады, ал әскери міндептілер мерзімді әскери қызметке шақырылады. Әскери

қызметшілердің демалысы тоқтатылады және олар өз әскери бөлімдеріне кері шақырып алынады.

2. Жұмылдыру жарияламай, Қарулы Күштерді жауынгерлік өзірлікке келтірген кезде Қарулы Күштерді жұмылдыра өрістету жоспарымен қөзделген санында әскери міндettілерді әскерге шақыру жүргізіледі.

Жұмылдыру немесе соғыс жағдайы жарияланысымен азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы бұрын қабылданған шешімдер жойылады.

Денсаулық жағдайы бойынша әскерге шақыруды кейінге қалдырулар мен одан босатулардан басқа, осы Занда белгіленген шақыруды кейінге қалдырулар мен одан босатуларды бұдан әрі қолдану тоқтатылады.

3. Жергілікті атқарушы органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар жұмылдыру жүргізу кезінде және соғыс уақытында әскери міндettілер мен әскерге шақырылуышыларды дер кезінде хабардар етуді және жинау пункттеріне немесе әскери бөлімдерге жеткізуді қамтамасыз етуге міндettі.

4. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған әскери міндettілермен және әскерге шақырылуышылармен жұмыс, қызмет орны бойынша толық есеп айырысады, нақты жұмыс істеген уақытына жалақы, жәрдемақы және пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы төленеді. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында шақырылған азаматтарға өздері тұратын тұрғын үй аланы сақталады. Әскери қызметке жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында шақырылған азаматтардың отбасын мемлекеттік қамсыздандыру (жәрдемақы, зейнетақы) Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде жүргізіледі.

#### **40-бап. Жұмылдыру бойынша, соғыс уақытында әскерге шақыру ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық**

1. Соғыс уақытындағы жұмылдыру бойынша әскерге шақырғанда көрсетілген мерзімде жинау пункттеріне дәлелсіз себептермен келмеген азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскерге шақырылған азаматтардың дер кезінде келуіне кедергі жасаған лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген жауапқа тартылады.

#### **41-бап. Тарату бойынша босату**

Таратуға байланысты босату Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде жүргізіледі. Азаматтардың көрсетілген санатын босату және әскери есепке қою тәртібі Әскери қызметті өткеру ережесімен белгіленеді.

#### **42-бап. Азаматтарды соғыс уақытында жалпыға бірдей әскери үйрету**

1. Халықты азаматтық қорғаныс іс-шараларына үйрету, соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті контингент өзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі 16-дан 55 жасқа

дәйінгі ерлерді, балалары жоқ немесе 10 жастан асқан балалары бар 18-ден 45 жасқа дейінгі әйелдерді бар азаматтарға міндettі жалпыға бірдей әскери үйретуді енгізеді.

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери үйретуді азаматтардың жұмыс, оқу және тұрғылықты жері бойынша жұмыс пен окудан қол ұздірмей, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары арқылы ауданның (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдері (басқармалары) жүзеге асырады.

2. Жалпыға бірдей әскери үйретуді өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының  
Ұкіметі

белгілеуді.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі халықты жалпыға бірдей әскери үйрету жөніндегі іс-шараларды ауданның (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерінің (басқармаларының) ұйымдастыруын бақылауды жүзеге асырады.

**9-тaraу. Азаматтардың, лауазымды адамдар мен әскери қызметшілердің әскери міндettілік және әскери қызмет туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылығы**

**43-бап. Азаматтардың және лауазымды адамдардың әскери міндettілік және әскери қызмет туралы заңнаманы бұзғаны жауаптылығы**

1. Ауданның (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (басқармасының) шақыруы бойынша көрсетілген мерзімде келмеген, сондай-ақ Әскери есеп ережесін дәлелсіз себептермен бұзған азаматтар әскери міндettін атқарудан жалтарған деп есептеледі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Әскери жиындардан өтуден жалтарғаны үшін, сондай-ақ жиыннан өту уақытында әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін әскери міндettілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Шақыру комиссияларының мүшелері, әскери қызметке шақыруға жататын азаматтарды медициналық тексеруге қатысатын дәрігерлер, сондай-ақ әскери қызметке шақыру мәселелері жөніндегі заңнаманы бұзуға жол берген басқа да адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Азаматтардың әскери міндettі атқарудан жалтаруына ықпал жасайтын және олардың әскери қызметті өткеруіне кедергі келтіретін, сондай-ақ осы Занда белгіленген міндettерді атқармайтын адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5. Жергілікті атқарушы органдардың, поселкелердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық округтердің) әкімдері, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың лауазымды адамдары осы Заңмен белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшіліктік, қылмыстық немесе өзге де жауапқа тартылады.

#### **44-бап. Әскери қызметшілердің Әскери қызмет өткериу ережесін бұзғаны және құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы**

1. Барлық әскери қызметшілер әскери атағы мен лауазымына қарамастан Заң алдында тең және өз құқықтық жағдайларының ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Әскери қызметшілер әскери тәртіпті бұзғаны, құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғыларына сәйкес тәртіптік, әкімшіліктік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапқа тартылады.

#### **10-тарау. Корытынды ережелер**

#### **45-бап. Заңды орындауға байланысты іс-шараларды материалдық қамтамасыз ету**

1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) азаматтарды тіркеу және оларды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық  
куәландырудан өткізу ді;

2) медициналық және шақыру комиссиясынан өту үшін шалғай жерлерде тұратын  
а заматтарды жеткізу ді;

3) шақыру (жинау) пункттерін жабдықтауды, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен,  
медицина және шаруашылық мұлкімен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ байланыс  
құралдарымен жабдықтауды;

4) қызмет көрсететін персоналдардың, медициналық және техникалық  
қызметкерлердің қажетті санымен;

5) азаматтарды медициналық тексеру үшін емдеу-алдын алу мекемелеріндегі  
орынмен қамтамасыз етеді.

2. Ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды  
жеткізууді және әскерге шақырылушыларды әскери бөлімдерге жөнелту және кету  
кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Соғыс уақыты жағдайларында жұмылдыруды өткізу жоспарларын орындау үшін  
жергілікті атқарушы органдардың шешімімен әскери міндеттілерді хабардар ету  
штабтары немесе участекелері, оларды және техниканы жинау пункттері құрылады.

4. Азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеу жөніндегі комиссиялардың, шақыру  
комиссияларының мүшелеріне, медициналық, техникалық қызметкерлерге, сондай-ақ  
шақыру участекелері мен жинау пункттерінде жұмыс істеу үшін бөлінген қызмет  
көрсететін персоналдары адамдарына осы міндеттерді орындаған барлық уақытқа  
жұмыс орны және атқаратын лауазымы сақталады.

Егер көрсетілген адамдардың өз міндеттерін атқаруы тұрғылықты жерінен кетуімен

байланысты болса, онда ауданың (қаланың) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдері (басқармалары) олардың тұрғылықты жерінен жұмыс орнына және көріңінде жолына, тұрғын үй жинауына сондай-ақ іссапарлар шығыстарын өтейді.

#### **46-бап. Ауыспалы ережелер**

1. Осы Заң күшіне енгенге дейін әскери қызметшілер әскери қызметті өткери туралы жасасылған келісім-шарттар, олар жасасылған мерзім ішінде қолданыста б о л а д ы .

2. Әскери қызметті өткеретін және тиісті келісім-шарттар жасаспаған әскери қызметшілер оларды осы Заңда көзделген тәртіппен жасасады.

3. 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша күнпарақтық есеппен 10 және одан да көп жыл қызмет өткерген жылдары бар әскери қызметшілердің әскери қызметтегі шекті жасы :

1) подполковникке (2-дәрежелі капитанға) дейінгіні қоса алғанда кіші және аға офицерлер құрамы үшін - 45 жас;

2) аға офицерлер құрамы үшін полковник (1-дәрежелі капитан) - 50 жас;

3) жоғары офицерлер құрамы үшін генерал-лейтенантқа (вице-адмиралға) дейінгіні қоса алғанда - 55 жас;

4) жоғары офицерлер құрамы үшін генерал-полковниктен (адмиралдан) бастап - 60 жас болып белгіленеді.

4. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес әскери қызметке шақырудан босатылған немесе әскери қызметке шақырылуы кейінге қалдырылған азаматтар көрсетілген босатулар мен кейінге қалдыруларды, олардың қолданыс мерзімі өткенге дейін немесе олардың негізі жойылғанға дейін пайдаланады.

5. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін мерзімді әскери қызметке шақырылған мерзімді қызметтің қатардағы жауынгер және сержанттар құрамы әскери қызметшілерінің әскери қызмет мерзімі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

6. Запаста немесе отставкада болатын әскери қызметшілер мен азаматтардың осы Заңда көзделмеген және оларға бұрын берілген әскери атақтары сақталады. Осы әскери қызметшілер мен азаматтарға әскери атақтар Әскери қызметті өткери ережесіне сәйкес беріледі.

#### **47-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртіби**

1. Осы Заңның 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 32-бабын, 7-бабын қоспағанда, осы Заң оны ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

2. Мыналар күшін жойды деп танылсын:

1) "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғары

Кеңесінің ведомосі, 1993 ж., N 2, 28-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; N 22, 135-құжат;  
Қазақстан Республикасы Парламентінің ведомосі, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 ж., N  
8, 56-құжат; N 13-14, 173-құжат; N 117-118, 245-құжат; 2002 ж., N 3, 22-құжат; N 6, 71-  
қ ұ ж а т ) ;

2) "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының  
2001 жылғы 20 наурыздағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің ведомосі,  
2001 ж., N 8, 57-құжат).

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК